4	ТК және өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуын бақылау, ТК бойынша және дәрісхана мен зертханалар бойынша жүргізілетін ТК журналын толтырылуын қадағалау	Жыл бойы	А.Ержанов
5	Өндірістік практикадан өту кестесін жасау, талапқа сай орындалуын бақылау	Жыл бойы	А.Ержанов
6	Жас мамандарға жетекші тағайындап, әдістемелік көмек беру	Жыл бойы	А.Ержанов
7	Дуальды оқыту жүйесіне көшуге байланысты шаралар жасақтау	Жыл бойы	А.Ержанов
8	Әлеуметтік серіктестермен байланысты әрі қарай дамыту және нығайту	Жыл бойы	А.Ержанов
9	Кәсіптік шеберлік конкурсын ұйымдастыру	Қазан	А.Ержанов
10	Түлектердің жұмысқа орналасуын қадағалау	Жыл бойы	А.Ержанов
11	Практика жетекшілері мен өндірістік шеберлерінің жоспарланған құжаттарың реттеу	Жыл бойы	А.Ержанов
12	Колледж шеберханалары мен зертханаларының материалдық базасын нығайту	Жыл бойы	А.Ержанов
13	Өндірістік оқыту шеберлерімен өндірістік тәжірибе жетекшілерімен жиналыстарды өткізу	Жыл бойы	А.Ержанов
14	Шеберханалар мен зертханалардағы мүліктің сақталуын қадағалау	Жыл бойы	А.Ержанов
15	Оқу шеберханаларын көрнекілік құралдарымен жабдықтау	Жыл бойы	А.Ержанов

Х. Өндірістік кеңес

Рет №	Қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауапты
-------	---------------------	---------	---------

1.	Колледждің жаңа оқу жылына дайындығы. Оқу ғимараты мен шеберхананың санитарлық-эпидемиологиялық, өртке қарсы жағдайы және қысқы мерзімге дайындығы.	Тамыз	Басшы Д.Нұрова
2	1 .Шеберханада оқу үрдісін ұйымдастыру және оқу тәжірибелерін өткізу туралы 2 Worldskilks чемпионатына дайындық	Қыркүйек	А.Ержанов
3	1.Әлеуметтік серіктестермен атқарылған жұмыстар туралы 2 Қамқоршылық кеңес жұмысы туралы	Қазан	А.Ержанов
4	1.Әдістемелік бірлестіктің жұмысы туралы	Қараша	Ж.Утарбаева
5	Оқу жылының қысқы сынақ емтихан сессиясының қорытындысы Электронды журналдың толтыруы, көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы	Желтоқсан	Е.Билалов
6	Оқу үрдісіне білім берудің жаңа технологияларын енгізу және пайдалану туралы.	Қаңтар	Е.Билалов
7	1.Оқу үрдісінің әдістемелік құжаттар және техникалық құрал-жабдықтармен қамтылу деңгейі 2. Колледжішілік Worldskilks чемпионатына дайындық	Ақпан	Ж.Утарбаева А.Ержанов
8	1 Мектеп бітірушілерге кәсіптік бағыт беру жұмысын ұйымдастыру 2 .Оқу орны ауласын абаттандыру шаралары 3 Демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру	Наурыз	ДТЖО Д.Нурова А.Ержанов
9	Педагог кадрларды аттестаттау қорытындысы Колледжішілік Үздік педагог конкурсының қорытындысы	Сәуір	Ж.Утарбаева
10	Колледж бөлімшелерінде іс -қағаздарын жүргізу сапасы	Мамыр	Г.Кетешова

Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары

Колледждің педагогикалық кеңесінің негізгі бағыттары:

- колледждің даму перспективасын және оның материалдық-техникалық базасын анықтау;
- оқу жылы және семестр бойынша колледж жұмысының қорытындысын талдау, педагогикалық ұжым алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді анықтау және қызметінің мониторингі;
- жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жаңа экономикалық жағдайда жұмыс істей алатын білікті мамандарды даярлау сапасын бақылау;
- оқытушылардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру, оқу үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, жұмыс тәжірибесін жинақтау және тарату;
- оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың инновациялық әдістерін енгізу;
- әлеуметтік әріптестікті, дуалды оқыту жүйесін және түлектерді жұмысқа орналастыруды дамыту.

№	Қаралатын мәселелер	Өткізу мерзімі	Жауапты тұлғалар
1.	1. Қарау және бекіту: * пед кеңес құрамы * 2022-2023 оқу жылына мамандықтар бойынша оқу процесінің кестесі, оқу жұмыс жоспары; * 2022-2023 оқу жылына арналған пед кеңестің жұмыс жоспары.	Тамыз	Б.Шанкенова
	2. Қабылдау комиссиясының талапкерлерді қабылдау бойынша жұмыс нәтижелері және кәсіптік бағдар жұмысының қорытындысы туралы есебі;		А.Аманиязова
	3. Әдістемелік бірлестік жетекшілерін, кабинет жетекшілерін, кураторларды, үйірме жетекшілерін бекіту, міндеттермен таныстыру		Б.Шанкенова
	4. Оқытушыларға бекітілген педагогикалық жүктеме бойынша жоспарлы құжаттардың бекітілуі туралы ақпарат		Е.Біләлов
	5. Педагог кадрлардың вакциналау жұмыстары		Г.Таджибаева
2.	1. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат;	Қазан	Б.Шанкенова Е.Біләлов
	2. Өндірістік оқытуды ұйымдастыру, өткізу жайы		А.Ержанов
	3. Мемлекеттік аттестация құрамын, кестесін бекіту. Оқытушылардың аттестацияға дайындығы.		Б.Шанкенова Әдіскер
	4. 1-курс топтары әлеуметтік паспортының мониторингі, әлеуметтік психологиялық құзыреттіліктің қалыптасуы		Психолог
	5. Құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарының жүргізілуі, студенттердің сабаққа қатысу мониторингісі		ДТЖО

	6. Оқытушылардың сабаққа қатысу, өткізу мониторингі		Е.Біләлов
	7. Оқуға құштар білім ордасы бағдаорламасының жүзеге асуы, оқу-әдістемелік құрал жабдықтармен қамтылуы		Кітапханашы
3.	1. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат.	Қаңтар	Б.Шанкенова
	2. 2023-2024 оқу жылына талапкерлерді қабылдау комиссиясы құрамын және жауапты хатшыны тағайындау		Б.Шанкенова
	3. 2022-2023 оқу жылының 1 жарты жылдығы қортындысы, 1, 2-3 курс білім алушыларын аралық аттестаттауға (қысқы емтихан сессиясына) жіберу., стипендия тағайындау		Е.Біләлов
	4. 1-2 курс кураторларының есебі		Кураторлар
	5. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың өзекті мәселелері, суицидтің алдын алу жұмыстар есебі		ДТЖО
	6. 2021-2022 оқу жылының 1 жарты жылдығы бойынша әдістемелік бірлестік жұмысы		Әдіскер
	7. Колледж қызметінде электронды және қашықтықтан білім беру ресурстарын пайдалану.		А.Аманиязова
4.	1. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат;	Наурыз	Б.Шанкенова Е.Біләлов
	2. Бітіруші түлектердің мемлекеттік емтиханға дайындығы		Е.Біләлов
	3. Әр топта мамандығына қарай өндірістік оқыту және өндірістік іс тәжірибеден өтуі әлеуметтік серіктестермен келісім шарттың іске асуы туралы жұмыстар		А.Ержанов
	4. Колледж кітапханашысының жұмыс есебі		Кітапханашы
	5. 3-4 курс кураторлардың атқарған жұмыстарының есебі		кураторлар
	6. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру жолдары		ДТЖО
	7. Білім сапасын арттыру шарттарының бірі ретінде колледждің кадрлық әлеуетін дамыту.		Е.Біләлов
6.	1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінорындау туралы ақпарат;	Маусым	Б.Шанкенова Е.Біләлов
	2. 2022-2023 оқу жылының қортындысы		Орынбасарлар , әдіскер, психолог
	3. Курстан курсқа көшіру, стипендия тағайындау		Е.Біләлов
	3. 2022-2023 оқу жылына колледждің аттестаттау комиссиясының құрамын анықтау;		Е.Біләлов

ХІІ Басшылардың жұмыс бөлінісі

Басшының міндеті

Барлық қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікті сезіне отырып қолданыстағы заңнамаға және оқу орны жарғысына сәйкес ғылыми –әдістемелік, оқу- әдістемелік шаруашылық ұйымдастыру қызметіне басшылық жасайды. Оқу процесі графигін, оқу жоспарын, ішкі тәртіп ережелерін нормативті актілерін басқарма құрылымының штат кестесін, оқу орны қызметкерлерінің негізгі міндеттерін бекітеді. Кадрларды жұмысқа алуға, таңдауға, инженер - педагогтардың біліктілігін көтеруді ұйымдастырады. Мүліктермен жабдықтарға есеп жүргізуді бақылайды және материалдық базаның жақсартуға қызметтенеді. Қоғаммен, ата-аналармен байланысты қамтасыз етеді, қамқоршылар жұмысын бақылайды. Оқу орны білім қызметіне және негізгі құжаттарға есеп беру.

Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары міндеті

Білім беру ұйымының қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, білім беру ұйымының жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады.

Білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыруды, оқу жұмысын ұйымдастыру жөнінде жоспарларды әзірлеуді жүзеге асырады.

Білім беру ұйымдары жұмысының ағымдағы және стратегиялық жоспарлауын ұйымдастырады, оқу жоспарлары мен оқыту, үлгі оқу бағдарламаларын оқытушылардың орындауы бойынша жұмысын үйлестіреді, сондай-ақ оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеуді ұйымдастырады, оны ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді қамтамасыз етеді.

Оқу процесінің сапасын бақылауды, оқу жоспары мен бағдарламалардың орындалуын жүзеге асырады. Білім алушылардың ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестаттауын өткізу және дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Педагогтік кадрларды іріктеу мен орналастыруға қатысады. Педагог кадрларды аттестаттаудан өткізу және дайындау жұмыстарына қатысады.

Оқу кабинеттерін қазіргі жабдықтармен, көрнекі құралдармен және оқытудың жаңа құралдарымен жарақтау жұмыстарын үйлестіреді. Практикаға оқытудың инновациялық технологияларын енгізуді зерделейді және таратады. Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы ережелер мен нормаларының талаптарын орындауды қамтамасыз етеді. Оқу жұмысы жөніндегі есептілік құжаттарды уақытылы жасауды, олардың дұрыстығын және тапсырылуын қамтамасыз етеді.

Студенттік жатаханасының оқушыларына тұруын және медициналық-санитарлық нормативтік ережелерін сақтауды ұйымдастыру.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Салық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік кәсіпорын туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; педагогика және психология негіздерін, педагогтік ғылым мен тәжірибе жетістіктерін; оқыту әдістерін және озық технологияларды; басқарудың инновациялық әдістерін; экономика негіздерін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім, басшы педагог лауазымындағы немесе оқу орнының бейініне сәйкес ұйымдарда еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Басшының оқу- өндірістік тәжірибе жөніндегі орынбасарының міндеті

Өндірістік тәжірибе жетекшілерінің оқу технологиялық және диплом алды тәжірибе жинақтау ісіне басшылық жасау жүктеледі. Өндірістік оқу бағытындағы озық тәжірибелер мен жаңалықтарды отырып, жылдық жоспарын жасау және директордың бекітуіне ұсыну. Өндірістік цикл сабақтарының ұйымдастырылуын және оларға студенттердің қатысуын қадағалау. Шеберхана қызметкерлері мен өндірістік цикл оқытушыларының еңбек тәртібін үнемі қадағалау, олардың уақытылы қатысуын талқылау. Өндірістік тәжірибе базаларын анықтау, олармен келісім шарттарға отыруды ұйымдастыру, тәжірибе орындарын кеңейту мәселерін қарастыру тәжірибе өткізуге қажетті барлық құжаттарды дайындайды Қолданыстағы барлық техника түрлерін тексермелеуден өткізу, оларды бақылауда ұстау. Тиімді пайдалану жоспарын жасау, техникалардың күнделікті қозғалысын реттеу және есепке алу, шығысқа шығаратын техника түрлерінің құжаттарын дайындау, әлеуметтік әріптестердің және басқа мекемелердің демеушілігімен жаңа оқыту технологияларын алу жолдарын қарастыру, бітіруші түлектердің жұмысқа орналастыру мақсатында әлеуметтік әріптестер және басқа мекемелермен байланыста болу. Өндірістік цикл мамандықтары бойынша бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуын қадағалау, оқу ғимаратында және шеберханада өрт қауіпсіздігіне, жылу, электр энергиясы байланыс жүйесінің жұмысына бақылау жасау.

Басшының тәрбие жөніндегі орынбасары міндеті

Директордың оқу - тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының міндеті оқушыларды тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыру және белсенді өмірлік бағыттарын қалыптастыру. Тәрбие жұмысының жалпы жоспарын жасақтау, өткізілген шаралардың айлық бірыңғай жоспарын мамандықтар бойынша факультативтердің жұмысын басқару, қызығушылық клубтары, кураторлар семинарын, құқықтық тәрбие кеңесін құру, студенттер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру, кураторлар жоспарын бекіту, алғашқы әскери дайындық, дене тәрбиесі, кітапханада өткізуі шараларын, оқу орынын көркемдеу, безендіру, студенттерге саяси хабар беруді ұйымдастыру, дәрістер жүргізу, кураторлар кеңесінің жұмысы, мәдени топтық жұмыстар, салауатты өмір салтын ұйымдастыру, студенттердің әлеуметтік жағдайын қорғау, жетім балалар, тегін тамақпен қамтамасыз ету, тәрбие жұмысының негізгі қажетті құжаттарын дайындау және есеп беру

Басшының шаруашылық жөніндегі орынбасары міндеті

Оқу ғимаратының тосын жағдайда электр, жылу, су, тағы басқа да жүйелерді қалпына келтіреді. Шеберханаларды, бұйымдарды, ғимаратты, ғимарат бөлмелерін уақытылы жөндеуден өткізеді. Ғимарат өзінде, шеберханалардың санитарлық жағдайы, өртке қарсы талаптарды қамтамасыз етеді. Колледж қызметкерлерінің оқу үрдісіне, тәрбие жұмысына қажетті сұраныстарын қанағаттандырады. Есептеу бөлімімен бірге отырып, ғимарат ішіндегі жарамсыз мүліктерді шығыстау құжаттарын уақытылы жасап, ішкі қозғалыстарға есеп жүргізеді. Өзінің қарамағындағы кіші қызметкерлерге жұмыстарын бөліп беріп, жұмыс уақытын белгілеп, табель жүргізіп, олармен тәрбие жұмысын жүргізеді. Мекеменің қаржысын, су, жылу, электр көздерін үнемдейді.

Әдіскердің міндеті

Оқытудың жаңа әдісімен педагогтарды таныстырып отыру. Барлық оқытушылардың оқу-әдістемелік құжаттарын жинақтау, оларды әдістемелік бірлестіктен өткізу. Ашық сабақтардың және оқытушылардың өзара сабаққа қатысуын ұйымдастыру, жадынама дайындау, талқылауға қатысу, әдістемелік көмек көрсету. Оқытушылардың озық іс-тәжірибиелерін жинақтау және оларды тарату шараларын іске асыру. Озық іс-тәжірибиелерді зерделеу және қалыптастыру. Әдістемелік іс-әрекеттерді ұйымдастыруда белгіленген тақырыптар бойынша оқыту семинарларын өткізу. Оқытушыларды біліктілігін жетілдіру курстарынан өткізуді қадағалау. Педагогтердің кәсіби өсуі және олардың іс-әрекеттерінің нәтижелігі мониторингін шығару. Сырттай оқу түрі студенттерінің кітапханадан оқулықтар алуына және интернет материалдарын пайдалануға жағдай туғызу. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету. Барлық әдістемелік жұмыстарды облыстық білім басқармасының әдістемелік кабинеті жоспарына сай іске асыру.

Есепшілердің міндеті

Бас есепшінің міндеті - мекеменің қаржы жоспарын, бюджеттік сұраныстарын штаттық кесте трафикациялар жасату, келген есептіліктерге, хаттарға жауап беру, айлық, тоқсандық, жылдық есептерді тапсыру, мекеменің негізгі қорларына, материал-мүліктерінің сақталуына, мезгілімен, тозығын есептеп материалдық жауапкершіліктеріндегі тұлғалардан есептерін қабылдау ақылы қызметтердің жұмыстарын жүргізу, қаржы жоспар сметаларын, штат-трафикациясын жасақтау, салық басқармасына тапсырылатын әр түрлі есептіліктер мүлік салығы, жер салығы, көлік құралдары салығы, аудандық статистика басқармасына тапсыратын ай сайын, тоқсан сайынғы есептіліктерді еңбек ақы жөнінде, негізгі қорлар жағдайы, ай сайын орындалған жұмыстар актін уақытында тапсырып, қаржының шотқа түсуін қамтамасыз ету, қаржы жоспарына өзгерістер енгізу, ерекшеліктерді ығыстыру жұмыстары, мекемелермен есептесу, бөлінген қаржыны мақсатына жұмсалып, толық игерілуін қамтамасыз ету.

Есепшінің міндеті - мекеменің жұмысшы қызметкерлерінің еңбекақыларын есептеу, банкоматқа аудару, еңбекке жарамсыздық бетшелерін, іссапар шығындарын, оқытушылардың шәкіртақыларын 10% зейнетақы 5% әлеуметтік салықтарды есептеп аудару, ай сайын №2, №5 мемориалдық ордерлерді жүргізу, жұмысшы қызметкерлерге еңбекақы жөнінде анықтамалар беру, қатаң есептегі құжаттарды сақтау, заңды түрде берілуін қадағалап, төлем шоттарды уақытылы аударуды қамтамасыз ету, техосмотр, сақтандыру полюсіне қаржы аудару.

Экономисттің міндеті - мекеменің мемлекеттік сатып алу, веб портал жұмыстарын заңға сәйкес жүргізу, ЕССО есептілікті тапсырудың бірінғай жүйесі бойынша бағдарламасымен есептіліктер жасау, жанар жағар май қорғаныс есептіліктерін жүргізу, мекемеге қажетті материал-мүліктердің есебін алып отыру, білім басқармасынан келген өзіне тиісті хаттарға жауап беру, автокөліктердің жол қағазын есептеп қабылдап отыру.

Ішкі тәртіп ережелері

1. ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР

1.1. Осы ішкі тәртіп Ережелері Қазақстан Республикасының білім туралы заңдылықтары және колледж Жарғысы негізінде әзірленіп, ішкі тәртіп Ережелерінің негізгі мақсаты көлік және коммуникация колледжі мен жатақханадағы еңбек және құқықтық қарым-қатынастарды реттеу, еңбек және оқу кестесінің құрылуы, еңбек және оқу тәртібін нығайту, оқу үрдісінің ұйымдастырылуын жақсарту және еңбек пен оқу уақытын тиімді қолдану болып табылады.

1.2. Колледждің еңбек және оқу тәртібін оқытушылар құрамының, қызметкерлердің, жұмысшылардың, оқушылардың жауапкершілікпен орындауы, олардың тиімді еңбектері мен сапалы оқуларының негізгі шарты болып табылады.

1.3. Колледждің барлық жұмысшылары мен білім алушылары Ережелерді орындауға міндетті.

1.4. Колледж ТЖКБ МЖМС негізінде белгіленген мерзімдермен сәйкес, мамандықтарға сай, Астана қаласындағы және жалпы Қазақстандағы мекемелер мен өндірістерге арнап жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді.

1.5. Колледжде өткізу жүйесі орнатылған. Оқу ғимаратына оқытушылар өткізу қағаздары, ал оқушылар студенттік билетпен және жатақханаға өткізу қағазы бойынша жіберіледі.

1.6. Оқу жылы 1 – қыркүйектен басталады.

1.7. Сабақтың басталуы -сағат 8.30-де;

Сабақтың алдында қоңырау екі рет соғылады, біріншісі сабақ басталардан 2 минут бұрын оқушылар үшін ескертпе қоңырауы және екіншісі оқытушылар үшін соғылатын қоңырау.

1.8. Бір сабақтың ұзақтығы оқу орындары мен ұйымдарының бекітілген нормативтерімен және оқу ұйымдарында қолданылатын оқу технологияларына сәйкес.

1.9. Оқытушылар мен оқушылар сабаққа дайындалу және аудиторияны сабаққа даярлау үшін 15 минут бұрын келеді.

1.10. Оқу үрдісі оқу кестесі үрдісінің негізінде іске асады.

1.11. Білім алушыларды колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз колледж аумағынан тыс жерге алып кетуге тыйым салынады.

1.12. Оқу ғимаратындағы жалпы тәртіпке кезекші әкімшілік өкілі, шаруашылық қызметі және кезекші топ жауап береді.

1.13. Колледжде болған уақытында әр білім алушы өз киімі және жеке мүлкі үшін жауапкершілікті өзіне алады.

1.14. Колледжге спирттік ішімдік ішіп келген жағдайда оқытушылар жұмыстан шығарылады, ал оқушылар оқудан шығарылады.

1.15. Студенттік билеті мен сынақ кітапшасын жоғалтқан жағдайда оқушы өз есебінен орнына келтіреді.

1.16. Колледж территориясында шылым шегуге, түкіруге, қоқыстауға және басқа да құқыққа қарсы нәрселер жасауға қатаң тыйым салынады. Ондай іс-әрекеттер болған жағдайда тәртіп бұзушыға тәртіптілік шаралары қолданылады немесе қызметкерлер жұмыстан, ал білім алушылар оқудан шығарылады. Қазақстан Республикасы заңдылықтарын бұзған уақытта немесе тұлғаға қарсы бағытталған қарсылық іс-әрекеттер байқалған жағдайда және колледжге шығын әкелер болса, қызметкерлер жұмыстан шығарылады, ал оқушылар қайта қабылданусыз оқудан шығарылады.

1.17. Колледжде және жатақханада діни киімдер киюге және сиынатын бөлмелер мен діни қатынастар жасауға тыйым салынады.

1.18. Колледж мүлкін құртқан жағдайда кінәлі оны бастапқы күйдегідей орнына келтіреді немесе нарықтық бағасын төлейді. Кінәлі анықталмаған жағдайда, жауапкершілікті

кезекші топтың жетекшісі және кабинет жетекшісі көтереді.

1.19. Гардероб нөмірі жоғалған жағдайда, оқушы оның нарықтық бағасын төлейді.

1.20. Колледждегі немесе жатақханадағы мүлікті тартып алушылық, тәртіп бұзушылық, төбелес жағдайлары орын алған жағдайда, білім алушылар оқудан шығарылады.

1.21. Колледж оқытушылары мен оқушылары кезекші оқытушының, кезекші топтың және колледждің қауіпсіздік қызметі жұмыскерлерінің талаптарын орындауға міндетті.

1.22. Кезекші топтар кезекшілікті дүйсенбі күні топ жетекшілерінің және оқу ғимаратының коменданты қатысуымен бір-біріне өткізіп, қабылдап алулары керек.

1.23. Колледж қабырғасында, оқу ғимаратында және жатақханада оқытушыларға, жұмысшыларға және оқушыларға саяси партиялар мен басқа қоғамдық саяси ұйымдардың бағдарламаларын, жарғылық талаптары мен ұстанымдары бойынша үгіт-насихат жұмысын жүргізуге тыйым салынады.

1.24. Колледждің оқытушылары, жұмысшылары және білім алушылары осы берілген Ережелермен міндетті түрде танысулары керек.

2. ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ЖҰМЫСҚА АЛУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

2.1 Жұмысқа қабылдау кезінде әкімшілік мынадай талаптарды қоюға құқылы:

- жеке басының куәлігі мен төлқұжаты;
- мекендеу қағазы немесе азаматтығы жоқ тұлғаның жеке куәлігі (шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаға, Қазақстан Республикасының аумағында үнемі тұратындарға);
- арнайы білімді, дағдыны талап ететін еңбек шартын жасасу үшін кәсіптік дайындығы мен арнайы біліктілігін растайтын құжаттар, білім туралы құжаты;
- еңбек кітапшасы (еңбек өтілі бар тұлға үшін);
- әскери есептік құжаты (әскери міндетті және әскери қызметке шақыртылатын тұлғалар);
- медициналық тексерістен өткендігін куәландыратын құжаты;
- салық төлеушінің тіркеу нөмірі және әлеуметтік жеке кодының куәлігінің көшірмесі;

2.2 Жұмысқа қабылданушылардың барлығы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен анықталған мерзімге сай еңбек келісін жасайды.

2.3 Жұмысқа алынар кезде әкімшілік мынадай құқықтарға ие:

- жұмысқа алынар кезде жұмысшының кәсіптік жарамдылығын тексеру мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 36 бабының 1-тармағына сәйкес, 3 айдан көп емес мерзімге сынақ өткізуге;

2.4 Еңбек келісім шарты жазбаша түрде екі данадан кем емес болуы керек және оған тараптар қол қояды. Еңбек келісім шартының бір данасы жұмыс берушіде және бір данасы жұмысшыда сақталады. Жұмысшының Еңбек келісім шартының бір данасын алғанын жазбаша түрде растайды.

2.5 Жұмысқа қабылдану Еңбек келісім шартының негізінде директор бұйрығымен ресімделеді және жұмысшыға қол қою арқылы жария етіледі.

Жұмысқа қабылдау кезінде әкімшілік:

2.6 Колледж Жарғысымен және ішкі тәртіп Ережелерімен таныстырады;

2.7 Техникалық қауіпсіздік, өндірістік тазалық, өрт қауіпсіздігі және еңбек қорғаудың басқа да ережелерімен нұсқаулық жүргізеді.

2.8 Жұмысқа алғаш қабылданып, 5 күннен артық жұмыс істеушіге енгізілген заңдылық негізінде еңбек кітапшасы арналады. Сағаттық төлем шарты бойынша жұмыс істеушіге, егер бұл жұмысы негізгі жұмыс болса, еңбек кітапшасы ашылады.

2.9 Еңбек келісім-шартына өзгертілу мен толықтырулар енгізілген жағдайда, оның ішінде басқа жұмысқа ауыстырылуы тараптармен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32 бап 1-тармағымен қарастырылған тәртіп негізінде, жазбаша түрде іске асады.

2.10 Еңбек келісімінің тоқтатылуы қарастырылған заңдылық негізінде және келісім шартта көрсетілген негіз бойынша орындалады.

2.11 Еңбек келісімінің тоқтатылуы колледж директорының бұйрығымен ресімделеді.

Жұмысшының жұмыстан шыққан күнінде (жұмысының соңғы күні жұмыстан шыққан күні болып есептеледі), оған жұмыстан шыққаны туралы жазуы бар еңбек кітапшасы тапсырылады және есеп айырылысу жүргізіледі. Еңбек кітапшасындағы жұмыстан шығуының себебі туралы жазу заңдылық негізінде, заңдағы баптарға сүйене отырып жүргізілуі тиіс.

3 . ОҚЫТУШЫЛАР МЕН ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

3.1 Колледж оқытушылары мен жұмысшылары:

- колледж Жарғысы және директор бұйрығын, еңбек, ұжымдық келісім шарттарға сәйкес еңбек міндеттерін орындауға;
- еңбек тәртібін сақтау;
- еңбек қорғау, өндірістік тазалық, өрт қауіпсіздігін және технологиялық тәртіп талаптарын қатал түрде орындауға;
- колледж мүлігіне және жұмысшыларына, сонымен қатар адамдардың денсаулығы мен өміріне төнген қауіп туралы дер мезгілінде хабарлауға;
- қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын өзіне белгілі деректерді жария етпеуге;
- ішкі тәртіп Ережелерін шынайы және дұрыс орындауға;
- аудитория мен қызметтік бөлмелерінің кілттері оқытушыларға тек вахтермен журналға тізімделіп қана беріледі (кілтті вахтерге оқытушылардың өздері өткізуге міндетті). Оқушыларға кілт беруге тыйым салынады. Аудиториялар мен оқу бөлмелерінің кілттерінің 2 –ауысымдағы соңғы сабақтан кейін өткізілу жауапкершілігін оқытушылар көтереді. Егер оқу бөлмесінде соңғы сабақтар болмай, бірақ есік жабылмай қалса, шам сөндірілмеген жағдайда, 2-ауысымның кезекші оқытушысы немесе вахтер жауапкершілікті көтереді.
- лауазымдық міндеттерін өз уақытында және сапалы түрде орындау;
- оқу-ғылыми және өндірістік жабдықтарды, аппаратураларды, материалдарды, кітап қорын, мүліктерді сақтау және тиімді қолдануға;
- өз кәсіптік біліктілігін үнемі жүйелі түрде көтеруге;
- жұмыс орнын тазалықта және тәртіпте ұстауға;
- белгіленген заңдылық аясында жұмыс берушіге келтірілген залалды орнына келтіруге міндетті.

3.2 Әр жұмысшының міндеттері еңбек келісімімен, лауазымдық нұсқаулықпен және колледж ережесімен анықталады.

3.3 Қызметкерлер директордың нұсқаулықтарын және колледждегі педагогикалық кеңес шешімдерін орындауға міндетті.

- колледжде өткізілетін іс-шараларға және циклдық комиссияның оқу-әдістемелік жұмыстарына қатысуға;
- жұмыс барысында колледжге мүліктік зиян тигізбеу;
- өзара ауыстыруды қолдану мақсатында бағытталған жұмыстарды орындауға;
- оқу және тәрбие үрдісінің жоғары тиімділігін қамтамасыз етуге (лауазымдық нұсқаулық негізінде);
- кадрлар бөліміне медициналық байқаудан өткені туралы анықтаманы уақытылы өткізуі керек. Медициналық байқаудан өтпегендер жұмысқа жіберілмейді.
- педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға;
- оқушылар мәртебесін құрметтеуге;
- салауатты өмір салтын сақтау және оны уағыздауға;
- оқушылардың жеке және шығармашылық қабілеттерін анықтау және қолдау көрсету; ОҚОО бағдарламалары және оқу жоспарлары қарастырған білім, білік дағдыларын оқушылардың меңгеруін қамтамасыз етуге; оқушының сабақты қалдырған күні, кабинеттегі кезекшілігі негізінде, сол айда өтелуі тиіс.

3.4 Топтың жетекшісі оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуын, қалған уақытын өтеуін, колледждің және жатақхананың ішкі тәртіп Ережелерінің орындалуын қадағалап бақылайды /оқу тобының Ережесі негізінде/.

3.5 Оқу тобының жетекшісі және оқу кабинетінің меңгерушісі бекітілген аудиторияның тазалық жағдайына және мүліктерінің сақталуына бақылау жасайды. Тазалық жағдайының жалпы бақылауын кезекші топ және корпус коменданты жүргізеді.

3.6 Өз міндеттерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жұмысшылар Қазақстан Республикасының Заңнамалары және берілген Ережелердің, колледж Жарғысының негізінде жауап береді.

4. ӘКІМШІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

4.1 Колледж әкімшілігі:

- Қазақстан Республикасы еңбек заңдылығы талаптарын, келісімдерді, ұжымдық, еңбек шарттарын, олар бойынша шығарылған актілерді сақтауға;
- оқу және еңбек тәртібін нығайтуға;
- оқытушылар құрамы мен колледждің басқа қызметкерлерінің еңбегінің ұйымдастырылуы, олардың лауазымдары мен біліктілігі бойынша тиімді жұмыс істеуіне;
- жұмысшыларға уақытылы тапсырма беруге, оқытушылар мен білім алушыларға оқу сабақтарының кестесін хабарлауға, оларға қажетті заттардың барлығымен қамтамасыз етуге (жабдықтар, техникалық құралдар);
- еңбектің, оқудың және тұрмыстың денсаулыққа қауіпсіз шарттарын қамтамасыз етуге;
- жұмысшылардың, оқытушылардың техникалық қауіпсіздігін, өндірістік тазалық пен өрт қауіпсіздігін сақтауларын үнемі бақылауға алулары;
- заңдылық қарастырған әлеуметтік жеңілдіктерді жұмыскерлерге ұсынуға;
- ұжымдық келісімдерді жүргізу, ұжымдық келісім шарттарды жасауға, сонымен қатар олардың орындалуын бақылау мақсатында жұмысшылардың өкілдеріне толық және анықталған ақпараттарды беруге;
- Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілері, еңбек, ұжымдық келісім шарттар, директордың бұйрығы негізінде жұмысшылардың еңбек ақысын және басқа төлемдерді өз уақытында және толық беруге;
- колледж жұмысшыларының біліктілігін көтеруге;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі бойынша қызметкерлердің еңбектегі табыстары үшін материалдық түрде марапаттау, мадақтау, тәртіп жазасына және материалдық жауапкершілік тәртіпке тартуға міндетті.

4.2 Аптаның белгіленген күндері қызметкерлер мен оқушыларды жеке сұрақтары бойынша қабылдауға міндетті.

5. ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

5.1 Колледжде қызметкерлер мен әкімшілік үшін 5 күндік жұмыс уақыты қарастырылған:

- жұмыс күні 8.30-ден 18.00-ге дейін
- түскі үзіліс 12.30-ден 14.00-ге дейін

5.2 Оқытушылар құрамы үшін 8 сағаттық жұмыс күні орнатылған. Жұмыс мерзімінде оқытушылар оқу, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының барлық түрлерімен айналысулары керек:

- Оқу сабақтары кестесінің, жеке жоспарларының, оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарының орындалуын бақылау;
- Оқу топтарындағы өткізілетін сабақтары мен оқу жүктемесін қосқанда, штаттағы колледж оқытушылары жұмыс орындарында күнделікті сағат 8.30-ден 18.00-ге дейін

болулары керек.

5.3 Оқу-көмектесушілік және әкімшілік-шаруашылық қызметшілердің жұмыс уақыты аптасына 40 сағатқа созылады.

5.4 Оқытушылар құрамының, жұмысшылардың және қызметкерлердің қосалқы жұмыс атқарулары негізгі жұмыстан бос уақытында өтуі керек.

5.5 Жұмысшылардың басқа топтарына, директор орынбасарларына, бөлім меңгерушілеріне, кадр бөлімінің меңгерушісіне, коменданттар мен жатақхана тәрбиешілеріне жұмыстың басталуы мен аяқталуының басқа мерзімі орнатылуы немесе нормадан тыс жұмыс уақыты орнатылуы мүмкін.

5.6 Кадр бөлімінің меңгерушісі, коменданттар мен оқу бөлімінің инспекторы жұмысшылардың жұмысқа келулері мен кетулерінің есебін күнделікті жүргізіп, айдың соңында оқу уақытының есебінің табелін колледж бухгалтериясына өткізулері керек.

5.7 Колледж жұмысшыларының еңбек демалысы кестелері күнтізбелік жылға құрылып, жұмысшылардың барлығына хабарлануы керек. Оқытушылар құрамына еңбек демалысы жазғы демалыс уақытында беріледі.

5.8 Колледжде екі айда бір рет өткізілетін негізгі іс-шаралар:

- педагогикалық кеңес;
- қажеттілігіне байланысты кіші педагогикалық кеңестер;
- айдың төртінші аптасының сейсенбісінде топ басшыларының отырысы;
- әдістемелік кеңес, циклдық комиссия отырыстары айдың 4 – аптасында ҚБАК отырысы;
- әр дүйсенбі сайын директор орынбасарларының директордағы өндірістік кеңесі;
- әр аптаның бейсенбі күні директор орынбасарларының бөлім меңгерушілерімен отырыстары;
- әр жұма сайын оқу топтарында сынып сағаттары;
- әр аптаның бейсенбі күні сайын топ жетекшілері мен бөлім меңгерушілерінің отырыстары;
- әр жұма сайын дәрісханалардың және қосымша аймақтардың кеңейтілген тазалығының ұйымдастырылуы;
- әр сенбі сайын колледж төңірегінде сенбіліктер мен тазалау жұмыстары ұйымдастырылады;
- ата-аналар жиналысы семестр нәтижелері бойынша өткізіледі;
- екі айда бір рет топ жетекшілерінің ӘБ отырысы өткізіледі.

Ішкі тәртіп ережелерін орындау колледж студенттеріне міндетті болып табылады.

6. Жалпы ереже

6.1. Осы Ереже Колледжде студенттер қызметтерінің ішкі тәртіптерін анықтайтын негізгі нормативті акт болып табылады;

6.2. Студенттер (Колледжге директор бұйрығымен оқуға түскендер) оқу жоспарларына және білім беру бағдарламаларында қарастырылған, білім алуға қатысты барлық тапсырмаларды бекітілген уақытта орындауға міндетті;

6.3. Оқу тәртібі Колледж әкімшілігінің тарапынан сендіру, тәрбиелеу, сондай-ақ адал еңбегі мен білімі үшін мадақтау әдістері арқылы оқу міндеттерін сапалы орындау, қалыпты жоғары өндірістік жұмыстар үшін қажетті ұйымдық және экономикалық шарттардың құрылуын қамтамасыздандырады;

6.4. Ішкі тәртіп Ережелерін қолдануға қатысты мәселелерді Колледж әкімшілігі өзіне берілген құқықтар шегінде, ал Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдар аясында ішкі тәртіп ережелерінде көрсетілген жағдайда – Колледждің Студенттік парламенті және студенттердің кәсіподақ комитетімен келісе отырып немесе бірігіп шешеді.

6.5. Колледж студенттерінің ішкі тәртіп ережелері және оларға қосылатын барлық өзгерістер мен қосымшалар әкімшілік ұсынысы бойынша Колледждің білім алушылары өкілінің қатысуымен педагогикалық Кеңесте қолданылады және директордың бұйрыққа қол қойған сәтінен бастап күшіне енеді.

6.6. Студенттер қызметінің Ішкі тәртіп ережелерінің тексті Колледждегі хабарландыру тақтасына ілінеді.

7. Студенттердің негізгі құқықтары

Колледж студенті төмендегі құқықтарға ие:

7.1. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;

7.2. білім беру гранты бойынша және келісім шарт негізінде білім алуға;

7.3. орнатылған көлемде стипендия алуға (мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын тұлғаларға арналған);

7.4. ғылым, техника және мәдениеттің қазіргі заманға сай даму деңгейіне сәйкес білім алуға;

7.5.өзінің жетістіктерін, еркін ұзданын, өзінің еркін ойы мен сенімділігін құрметтеттіре білуге;

7.6. колледж қызметінің маңызды мәселелерін, студенттердің қоғамдық ұйымы мен қатар колледжді басқару органдары арқылы талқылап және шешуге қатысуға;

7.7. колледждегі кітапхана, ақпараттық қорларды, оқу, зертханалық бөлімшелер қызметтерін тегін пайдалануға;

7.8. барлық мәдени жобалар түрлеріне, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға, мәжілістерге, байқауларға, фестивальдарға, өз жетістіктерін публикациялауға, пәндік үйірмелерге қатысу мүмкіндігін алуға;

7.9. конференцияларға, Колледждің құрылымдық бөлімшелерімен ұйымдастырылатын барлық байқауларға, көркем өнерпаздар үйірмесіне, спорт секцияларының жұмысына, жарыстарға, денсаулық күніне арналған және басқа да іс шараларға қатысуға;

7.10. оқытылатын пәндер бойынша оқытушылардан кеңес алуға, оқытудың сапасы мен әдістері туралы ойын жеткізуге, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар білдіруге;

7.11. сабақ барысындағы ерекше жетістіктері үшін және Колледждегі оқу және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқаны үшін моральды және материалдық жағынан мадақталуға;

7.12. Колледж оқытушылары ұсынған факультативты курстарды таңдауға;

7.13. Колледждегі жастар ісі жөніндегі комитетке сайлануға;

8. Студенттердің негізгі міндеттері

Колледж студенттерінің міндеттері:

8.1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында бекітілген міндеттерді орындауға;

8.2. Колледж Жарғысын, студенттер қызметтерінің ішкі тәртіп ережелерін ұстануға, педагогикалық Кеңес шешімін, директордың, директор орынбасарларының оқу, мәдени, олардың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне қатысты бұйрықтар мен өкімдерді орындауға;

8.3. Колледждің барлық формаларындағы студенттер таңдаған мамандықтары бойынша теоретикалық білімді және практикалық дағдыларды білуге, бекітілген мерзімде тапсырмалардың барлық түрлерін орындауға, барлық емтихандар мен сынақтарды бекітілген мерзімде оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына сәйкес тапсыруға (емтихандық сессия);

8.4. Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес, оқу сабақтарына қатысуға және оқу жоспарлары мен бағдарламаларында қарастырылған барлық тапсырмалар түрлерін бекітілген мерзімде орындауға, қарыздарды уақытылы жоюға;

- 8.5. Колледж директорымен бекітілген осы ережеде қарастырылатын ереже мен нұсқаулықтарға сәйкес еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбек гигиенасы және өрт қауіпсіздігінің қорғанысы жөніндегі талаптарды ұстануға;
- 8.6. Колледж мүлігін сақтауға, жабдықтар мен техникаларды нәтижелі пайдалануға, internet желісіндегі жұмыстарға арналған ресурстарды тек оқу және ғылыми-әдістемелік мақсаттарда пайдалануға, студенттер пайдаланымына берілген бұйымдарды күтіп ұстауға, энергия, су мен басқа да ресурстарды үнемдеп шығындауға;
- 8.7. адам жетістіктерін және білім алушылар мен оқытушылардың ойын құрметтеуге, басқа тұлғалар ойына құрметпен қарауға, ал басқа анти қоғамдық көріністерге сылқым қарауға;
- 8.8. Колледждің оқу корпусында жүрген кезде өзін лайықты ұстауға, басқа студенттердің өз міндеттерін орындауға зиян келтіретін істерден алшақ болуға, жалпы адамгершілік және этикалық нормаларды ұстануға, Колледждің іскерлік беделін құрметтеуге-қорғауға;
- 8.9. тәртіпті және ұйымшыл болуға, Колледждің барлық оқу және басқа да жерлерінде тазалық пен тәртіпті сақтауға, Колледждің оқу корпусы мекемесінде оқу және қосалқы жинау жөніндегі іс-шараларға қатысуға;
- 8.10. тәртіпті және ұқыпты болуға, Колледжде, көшеде, қоғамдық орындарда және үйде өзін лайықты етіп ұстауға;
- Ер балалар қысқа қиылған шашпен және таза қырынған болу керек, ал қыз балалардың шаштары ұқыпты жиналып жүру керек;
- 8.11. қоқан-лоқы көрсетіп, құжық бұзып, төбелескені үшін студент Колледждің студенттер қатарынан шығарылады;
- Дене тәрбиесінің сабақтарында әкімшілікпен бекітілген спорт киімдерімен жүру керек.
- 8.12. аудиторияларға кірген оқытушылар мен әкімшілік өкілдерін орындарынан тұрып қарсы алуға;
- 8.13. сабақ барысында оқытушының айтқаны мен оқушылардың жауаптарын тиянақты тыңдауға, сөйлемеуге, басқа заттармен шұғылданбауға, оқытушының барлық тапсырмаларын орындауға, сұрақтарды қою немесе оларға жауап беру кезінде оқытушының рұқсатымен орындарынан тұрып отыруға, аудиториялардан сабақ барысында шығып немесе кіру оқытушының рұқсаты арқылы ғана жүзеге асырылады;
- 8.14. зертханаларда, кабинеттерде, сабақ өткізу барысында және оқу өндірістік практиканың өту кезінде тек қана сабақ басшысы көрсеткен аспаптармен және құралдарды пайдалануға, оларды ұқыптап ұстауға және қауіпсіздік техникасын сақтауға, суретке, ұялы телефондарға суретке және бейне түсірілімге түсіруге тиым салынады;
- 8.15. ауырып қалған жағдайда және басқа да себепсіз сабақтарға келмеген жағдайда топ старостасын, топ жетекшісін немесе бөлім меңгерушісіне хабарласуға. Егер студент сабаққа қатыспағаны жайлы бөлім меңгерушісін, топ жетекшісін және топ старостасын ескертпесе ол себепсіз қалған деп есептеледі. Ауырып қалған жағдайда студент амбулаториялық, емдік мекемелер немесе Колледж медпунктінің бекітілген формадағы анықтамасын ұсыну керек;
- 8.16. әрбір топта директор бұйрығымен бекітілген көптеген үлгерімі жақсы, тәртіпті студенттердің ішінен топ старостасы тағайындалады;
- 8.17. топ старостасының міндеттеріне топта тәртіп ұстанымдары, топ студенттерінің арасында оқулықтардың уақытылы алынып және таратылуы, бөлім меңгерушісіне қажетті құжаттардың уақытылы тапсырылуы кіреді;
- 8.18. топ старостасы тікелей топ жетекшісіне, бөлім меңгерушісіне, директордың орынбасарларына, студенттік парламент өкіліне бағынады және олардың барлық айтылған және хат түрінде берілген тапсырмаларын орындайды және оларды өз тобына хабарлайды;
- 8.19. студенттердің Колледжге кірулері QR-cодын пайдалану арқылы турникет бойынша немесе вахтада студенттің бекітілген үлгідегі студенттік билетін көрсету арқылы жүзеге асырылады;

9. Колледж ғимаратында төмендегілерді жасауға тиым салынды

9.1. қатты сөйлеуге, шулауға, музыка тыңдауға, дөрекі сөйлеуге, сабақ барысында коридорларда жүруге;

9.2. дене жарақаттарын келтіруге немесе байбалам салуға, бір-біріне жаман қатынас құрып бірін-бірі балағаттауға, басқалардың мүліктерін ұрлауға, басқаларды және Колледждің жеке мүліктерін әдейі бұзып, агрессиялық немесе бұзақы қылықтар (актілері, сондай-ақ құқыққа қарсы қылықтар) көрсетуге;

9.3. мекемеде, аймақта, аулада, оқу корпусының кіре берісінде темекі шегуге, түкіруге, шашуға;

9.4. спирт сусындарын, уландыратын немесе есірткілік мастандыратын құралдарды пайдалануға;

9.5. қару-жарақты, атылғыш заттарды, газ балондарын алып келуге, таратуға, жарылысқа немесе өртке әкеліп соғатын барлық құралдармен бұйымдарды пайдалануға;

9.6. қарым-қатынас шешу кезінде күш пайдалануға, ортадағыларға қауіп төндіретін істер жасауға;

9.7. шемішкелер мен құмарлық ойындар пайдалануға;

9.8. сабақтан және аудиториядан тыс іс-шаралар басырысында қосылып тұрған ұялы телефондарды пайдалануға, құлақшын тығып және сағыз шайнауға, ұялы телефондарды және басқа да жеке техникаларды Колледждің электр желілерінде зарядтауға;

9.9. жарқын косметиканы пайдалануға, сәндік бұйымдарды көп мөлшерлерде және оларды ұзын етіп тағуға;

9.10. Колледждің локальдық желілерінде және интернет желілерінде зиянды бағдарламалық қамтамасыздықты таратуға;

9.11. қабырғаларға, аудитория үстелдеріне және басқа да орындарда қандайда бір жазу материалдарын жабыстыруға;

9.12. қоғамдық тәртіппен регламентті бұза отырып саяси және рухани сипаттағы іс-шараларды өткізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы тіркелмеген ұйымдардың атрибутикаларын пайдалануға және ойларын насихаттауға;

9.13. коридорлар мен сатыларда жүгіруге, басқа студенттерді итеруге, бір-біріне неше түрлі бұйымдар лақтыруға.

9.14. діни киімдер киюге, ғибадатханалар ашуға және Колледжде діни атрибуттар пайдалануға;

9.15. Колледжге шолақ шалбар, майка, сланцы киіп келуге, спорт киімдерін дене тәрбиесі сабағында немесе спорттық іс-шараларда ғана киюге;

9.16. оқу аудиториясына сырт киімдерімен кіруге болмайды (пәлте, куртеше, плащ, бас киімдер және т.б.);

9.17. сабақ барысында тамақ және сусын ішуге;

9.18. сабақ барысын бұзуға, аудиторияға оқытушының рұқсатысыз кіріп шығуға;

9.19. өшпенділік, ұлттық және діни өшпенділіктерді қоздыруға жолданған іс-қимылдарды жібермеуге, ұлттық абыройды түсірмеуге;

9.20. Колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз Колледждің түрлі құралдары мен басқа да бұйымдарын шығаруға;

9.21. студент өзінің академиялық шыншылдығын түсірмей ұстау керек:

а) академиялық жұмыстарды орындау кезінде, аралық және қорытынды аттестация барысында өзіне немесе өзгеге көмектесу мақсатымен ақпараттарды заңсыз алу немесе шпаргалка пайдалану, көшіру;

б) біреулердің жетістіктерімен немесе шешімдерін өз ойының нәтижесі ретінде етіп бастыруға, ұрлап немесе тапсыруға;

в) құжаттарды, мәліметтерді, қолдан жасауға немесе көшіруге (оқу журналдарын, үлгерім кітапшаларын, студенттік билеттерді), сақталған ақпараттардың көшірмелерін жасауға, өзгертуге және басқа түрде қолдануға (сондай-ақ компьютерлік);

10. Оқу тәртібі, оқу уақыты және оны пайдалану

10.1. оқу жылы 1 қыркүйектен басталады. 2 семестрден тұрады және берілген білім беруші-кәсіби бағдарлама бойынша оқу жоспарына сәйкес аяқталады;

10.2. Колледждегі оқу процесі оқу жоспарына және сабақ кестесіне сәйкес (дүйсенбіден сенбіге дейін) аптасына алты күн бойы жүзеге асырылады.

Демалыс немесе мейрам күндеріндегі оқу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кей жағдайларда ғана болады;

10.3. сабақ кестесін директордың оқу ісі жөніндегі және өндірістік оқыту жөніндегі орынбасары бекітеді және ол бекітілген орынға ілінеді;

10.4. барлық оқу және оларға қатысты орындарға сабақ басталғаннан кейін қалыпты оқу сабақтарын жүргізу үшін тыныштық пен тәртіп қамтамасыздандырылу керек;

10.5. сабақ басталғаннан кейін аудиториялардан студенттердің шығып кірулері оқытушының рұқсатымен ғана жасалады;

10.6. әрбір академиялық топта студенттердің үлгерімін есепке алу журналы орнатылған формада жасалады, күн сайын сабақ басталғаннан кейін топ старостасы сабаққа қатысушылар мен келмегендерді белгілейді;

10.7. себепті жағдайлармен сабаққа келмеген жағдайда студент келесі күні топ старостасын, топ жетекшісін және бөлім меңгерушісін хабардар ету керек және сабаққа келген күні ақтаушы сипаттағы мәліметтерді сақтайтын орнатылған үлгідегі құжатты және қатыспаған себебі туралы мәліметтерді ұсынады (анықтама, хаттар, телеграммалар және т.б.);

10.8. қатыспаған сабақтарды студент директор орынбасарымен бекітілген кестеге сәйкес өтейді. Қатыспаған сабақтарды студент мониторинг орталығында кезекші оқытушымен сабақтан тыс өтейді;

11. Оқудағы жетістіктері үшін мадақтау

11.1. оқудағы және Колледждің қоғамдық, мәдени және ғылыми өміріне белсене қатысқаны үшін студенттерге төмендегі моральды және материалды мадақтау формалары орнатылады:

а) алғыс жариялау;

б) Колледждің құрмет грамотасымен наградтау;

в) басқа да мадақтау шаралары;

Мадақтау Колледж директорының бұйрығымен жарияланады, барлық ұжымдарға мәліметтенеді және студенттің жеке ісінде сақталады;

12. Оқу тәртібін бұзғаны үшін қойылатын жауапкершілік

11.1. Колледж Жарғысында, Ішкі тәртіп ережелерінде көрсетілген оқу жоспарларын орындамағаны, бұзғаны үшін төмендегі тәртіп ықпалынсыз келесі шаралар қолданады:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) колледжден шығару;

11.2. студенттерге төмендегі жағдайлар кезінде тәртіптік шаралар қолданылады:

а) осы ішкі тәртіп ережелерінде көрсетілген міндеттерді бір рет немесе жүйелі орындамаған кезде;

б) оқу орнын тағайындаусыз пайдаланғаны үшін;

в) оқу орнына зиян келтіргені үшін;

г) есірткі заттарды сақтаған, таратқан жағдайда;

д) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген басқа да жағдайларда;

е) студентке ешбір себепсіз сабақтарға қатыспағаны үшін:

- 36 сағатқа - ескерту жарияланады;
- 72 сағатқа - сөгіс жарияланады;
- 108 сағатқа - колледжден шығарылады.

11.3. тәртіп шараларын қолдану Колледж директорының бұйрығымен ресмилендіріледі;

11.4. құжаттарға суық қарағандары үшін (студенттік билетті, сынақ кітапшасын және т.б. жоғалтқаны үшін) студенттерге тәртіптік жаза қолданылады. Құжатты жоғалтқан жағдайда оның көшірмесі студенттің Колледждегі оқу мерзіміне бір рет беріледі. Жоғалған студенттік билетті және сынақ кітапшасын студент өз қаржысына қалпына келтіреді;

11.5. студентке Колледж Жарғысын бұзғаны үшін қолданылатын жаза, алдын-ала Колледждің жастар ісі жөніндегі комитетпен келісіледі. Академиялық үлгермеушілігі және оқу тәртібін бұзғаны үшін оқудан шығарылуы жастар ісі жөніндегі комитетпен келісілмейді;

11.6. тәртіптік жаза, сонымен қатар оқудан шығарылу, Колледж студентіне одан жазбаша түрінде түсініктеме алған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін. Білім алушының жазбаша түрде түсініктеме бермегені оған тәртіптік жаза шараларының қолданылуына кедергі етпейді. Әрбір тәртіпсіздікке тек бір ғана тәртіптік жаза шарасы қолданылады;

Әрбір тәртіптік жаза шарасы жөніндегі мәлімдеме білім алушының жеке ісіне енгізіледі.

11.7. тәртіптік жаза қолданылған кезде жасалған тәртіпсіздік пен жағдайдың ауыртпашылығы есепке алынады.

11.8. студенттерді ауырған жағдайда (құжатпен расталған кезде) академиялық демалыс кезінде оқудан шығару мүмкін емес;

11.9. колледж оқушыларын олардың құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасаған кездерінде оқудан шығару, ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес, Колледж Жарғысымен анықталады:

-студент Колледжден төмендегі жағдайларда оқудан шығарылады:

-өз еркімен, соның ішінде ауруы бойынша және басқа оқу орнына ауыстырылған кезде;

-академиялық үлгермеушілігі үшін сессия кезінде үш немесе одан да көп қанағаттанарлықсыз бағалар алған кезде, белгіленген уақыт ішінде академиялық қарызын өтемесе;

-оқуы толық қарыздарды өтеу негізінде болған жағдайда, келісім шарт шарттарын бұзған жағдайда;

-Колледж Жарғысында және осы Ережеде көрсетілген міндеттерді өрескел немесе бірнеше рет бұзғаны үшін;

-сот үкімімен заңды күшке енген қылмыстар жасалса, сондай-ақ студенттің Колледждегі атағын даттайтын басқа да құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасалса;

-медициналық қажеттілікке жатпайтын, есірткілік заттар қолданған болса;

-егер студент себепсіз жағдайлармен сабақ барысына ағымдағы жыл бойы немесе оқу жылының семестірінде қатыспаған болса, сабақ басталған кезден бастап күнтізбелік ай ішінде оқудан шығарылуы мүмкін.